

**Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ  
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ  
ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ**

**ЖОБА**

**«ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ (XVII-XVIII ҒҒ.) ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ  
ТАРИХЫН ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕР-«ЖИ» АРҚЫЛЫ ТАРИХ ПӘНІ  
МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ»  
тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының  
білім беру бағдарламасы**

**Ақтау 2026 ж.**

**Бағдарлама авторы:**

Едилханова Светлана Алкажановна – Ш.Есенов атындағы Каспий  
Технологиялар және Инжиниринг «Тарих және дәстүрлі өнер» кафедрасының  
доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

**Бағдарлама:**

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарын;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің талаптарын ескере отырып әзірленген.

## МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Глоссарий.....	5
3. Бағдарлама тақырыбы.....	6
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеті және күтілетін нәтижелері.....	6
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....	7
6. Оқу процесін ұйымдастыру.....	7
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.....	8
8. Оқыту нәтижелерін бағалау.....	10
9. Курстан кейінгі қолдау.....	10
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.....	11

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақстандағы білім беру жүйесінің одан әрі дамуы педагогтердің кәсіби білімі мен құзыреттілігін жүйелі түрде жаңартып, тереңдетуді міндеттейді. Бұл талап елдің қазіргі заманғы сын-тегеуріндерімен және стратегиялық басымдықтарымен тікелей айқындалады. 2. Колледж оқытушылары, жалпы білім беретін мектептердің математика мұғалімдері үшін «Жаңа замандағы (XVII-XVIII ғғ.) Қазақ хандығының тарихын заманауи әдістер-ЖИ арқылы тарих пәні мұғалімдерінің құзіреттілігін көтеру» тақырыбында (80 сағат) 3. Бағдарлама Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың негізгі бағыттары мен нормативтік құқықтық актілеріне және білім беру сапасын арттыру контекстінде халықаралық зерттеулердің талаптарына сәйкес пәндік-әдістемелік құзыреттілік және дарынды оқушылармен жұмысын ұйымдастыруда педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіруге және оның қолданбалы бағытын арттыру үшін математика бойынша теориялық білімдері мен дағдыларын беруге бағытталған.

Бағдарлама білім беру саласындағы келесі нормативтік-құқықтық құжаттардың негізгі ережелері мен талаптарын ескере отырып әзірленді:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы;

- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ;

- Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы);

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығы;

- «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы;

- «Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығы);

- «Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы №31 бұйрығы.

Қазіргі таңда білім алушылардың іс-әрекетін басқарудағы шығармашылық қабілеттері мен құзыреттіліктерін дамыту Қазақстан Республикасының білім беру саясатының маңызды міндеті ретінде айқындалған.

«Жаңа замандағы (XVII-XVIII ғғ.) Қазақ хандығының тарихын заманауи әдістер-ЖИ арқылы тарих пәні мұғалімдерінің құзіреттілігін көтеру» курсы оқу тарих сабағында заманауи тәсілдерді ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру мәселесін шешуі керек. Бағдарлама оқытушының кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған. «Жаңа замандағы (XVII-XVIII ғғ.) Қазақ хандығының тарихын заманауи әдістер-ЖИ арқылы тарих пәні мұғалімдерінің құзіреттілігін көтеру» курсының ерекшелігі «Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі» базалық курсы игеру барысында алған білімдеріне негізделген. Бағдарлама екі апта ішінде 80 академиялық сағат көлемінде жүзеге асыруға арналған.

## 2. ГЛОССАРИЙ

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС)- Қазақстан Республикасының барлық білім беру деңгейлерінде білім берудің құрылымына, мазмұнына және нәтижелеріне, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттарына қойылатын міндетті талаптарды анықтайтын нормативтік құжат. Педагог мәртебесі туралы ҚР Заңы - педагог қызметкерлердің кәсіби құқықтары мен міндеттерін реттейді, біліктілік пен құзыреттілікке қойылатын талаптарды белгілейді

Әдіс	Құбылыстарды танып білудің, зерттеудің әдіс-тәсілдері мен амалдар жиынтығы, таным мен істе белгілі нәтижелерге жетудің тәсілдері.
Әрекет	Іс-қимыл, құрал. Оқу әрекеті арқылы білім алушының ойы абстрактіден нақтыға қарай өрлейді, теориялық сана, теориялық ойлау қалыптасады.
Бейін алды даярлық	Тыңдаушылардың жеке білім беру траекториясының негізгі орта білім беруді таңдауын мақсатты педагогикалық қолдау.
Бейінді оқыту	Тыңдаушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, оқытуды саралау мен даралау үрдісі, білім беру үрдісін ұйымдастыру.
Инновация	Білім беру, тәрбиелеу жұмысына жаңалықты енгізу, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді, амалдарды, құралдарды, жаңа концепцияларды жасау және оларды қолдану.
Интерактивтік	Интеракция деген ұғымнан шығады. Ал интеракция жеке индивидтердің, топтың, жұптың өзара біріккен әрекетке бір-біріне алма-кезек өтуі.

### 3. БАҒДАРЛАМА ТАҚЫРЫПТАРЫ

«Жаңа замандағы (XVII-XVIII ғғ.) Қазақ хандығының тарихын заманауи әдістер-ЖИ арқылы тарих пәні мұғалімдерінің күзіреттілігін көтеру». Бұл курс XV-XIX ғасырлар аралығындағы Қазақ хандығының тарихын заманауи заманауи әдістер контекстінде оқытады. Яғни жаңа технологиялар мен жаңа әдістер арқасында тарих жаңаша көзқарас арқылы түсіндіріледі.

### 4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Бағдарлама нақты оқу процесінде МЖМБС талаптарын тиімді іске асыру үшін педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған практикалық бағдарлы сипатқа ие. Оқыту барысында педагогтер математика пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын талдап қана қоймай, сонымен бірге нақтылы құралдарды – орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар, функционалдық математикалық сауаттылықты қалыптастыруға арналған тапсырмалар, бағалау критерийлерін пайдалану, сабақта цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының құралдарын қолдануды әзірлейді. Курстың әрбір модулі практикалық тапсырмаларды орындаумен сүйемелденеді, бұл меңгерілген тәсілдер мен технологияларды тікелей білім беру тәжірибесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

**Бағдарлама мақсаты:** Жаңа замандағы (XVII-XVIII ғғ.) Қазақ хандығының тарихын заманауи әдістер-ЖИ арқылы тарих пәні мұғалімдерінің күзіреттілігін көтере отырып, Қазақ хандықтары тарихы пәнін оқытудың ғылыми-теориялық негіздерін, білім мазмұнын, лингвистикалық ережелер мен тұжырымдарын қарастыру.

**Бағдарлама міндеті:**

1) педагог қызметін реттейтін нормативтік, құқықтық құжаттардың игеруін қамтамасыз ету;

2) Қазақ хандықтарының тарихын заманауи әдістер контекстінде курсты үйретудің тиімді әдістемелік жолдарын игерте отырып, тарих пәні мұғалімдерінің күзіреттілігін көтеру;

3) Қазақ хандықтарының тарихын заманауи әдістер контекстінде курсы оқыту әдістемесі саласының қазіргі таңдағы жаңа бағыттары мен өзекті мәселелерімен таныстыру;

**Күтілетін нәтижелер:**

*Курстарды аяқтағаннан кейін тыңдаушылар меңгереді:*

1) Қазақ хандықтарының тарихындағы маңызды оқиғаларды қарастырып, сол кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық даму ерекшеліктері туралы біледі.

2) Қазақ хандықтары кезіндегі дамудың ерекшеліктерін ашып, тарихи процестің заңдылығын әлемдік тарихи дамумен байланыста көрсетіп, тәжірибе барысында заманауи әдістер қолданады.

3) Әлеуметтік, этикалық және ғылыми көзқарастарды ескере отырып, Қазақстанның XVIII ғ. – XXI ғ. басындағы саяси-экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуына заманауи әдістер-ЖИ арқылы талдау жасайды.

4) Қазақ хандықтарындағы оқиғалардың хронологиясын, өркениеттік жетістіктерін тарихи деректер мен ғылыми әдебиеттер негізінде тұжырымдайды.

5) Қазақ хандықтары заманындағы саяси-әлеуметтік және экономикалық дамудың ерекшеліктерін ажыратып, тарихи құжаттар бойынша заманауи әдістерді қолдана отырып, бағалай біледі.

## 5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

Модуль	Тақырыбы
1. Қазақ хандықтарының тарихы	Қазақ хандықтарының тарихы бойынша тарихнама және деректерді заманауи әдістер арқылы талдап, саралау.
2. Қазақ хандықтарының тарихы цифрлы құралдар – ЖИ контекстінде	Қазақ хандығының құрылу тарихы, Керей мен Жәнібек сұлтандардың саясаты цифрлы құралдар – ЖИ арқылы бейнелеу.
3. Қазақ хандықтарының тарихы тарихи информатика контекстінде	Қазақ хандығының XV ғасырдың басындағы тарихы. Қасым ханның ішкі және сыртқы саясатының негізін заманауи әдістер мен құралдар – ЖИ арқылы көрсетіп, талдау.

Ескерту: 1 академиялық сағат - 45 минут (педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2023 жылғы 7 тамыздағы № 249 бұйрығы).

## 6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Бағдарлама бойынша оқыту процесі оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес ұйымдастырылып, күндізгі, қашықтықтан немесе аралас форматта жүзеге асырылады. Курстың жалпы ұзақтығы – 80 академиялық сағат, бір академиялық сағат 45 минутты құрайды, ал оқу күнінің ұзақтығы – 8 академиялық сағаттан тұрады.

Оқыту барысында педагогтардың белсенді қатысуын және меңгерілген тәсілдерді кәсіби қызметіне енгізуін қамтамасыз ететін келесідей белсенді оқыту формалары қолданылады:

- семинарлар, олардың құрамында интерактивті дәрістер болады;
- тәжірибелік сабақтар, мұнда жеке, жұптық және топтық жұмыстар (жобалар, пікірталас, іскерлік ойындар және т.б.) орындалады;
- өзіндік жұмыс, ол да жеке, жұптық және топтық тапсырмаларды (жобалар және т.б.) қамтиды;

- қорытынды жұмыс, оған орта және қысқа мерзімді жоспарларды әзірлеу кіреді.

Сабақтарды өткізу әдістері мен түрлері ретте оқу процесінің тұтастығы мен логикасын сақтай отырып, Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне, педагогтардың біліктілік деңгейіне, модульдер бойынша күтілетін нәтижелерге және оқыту форматына (күндізгі, қашықтықтан, аралас) сәйкес анықталады.

Бағдарламаны іске асыратын тренер қажетті жағдайда оқу материалының мазмұнын бұзбай, оның құрылымдық және әдістемелік бірлігін сақтай отырып, өзекті мысалдар мен ресурстармен толықтыруға құқылы. Бағдарлама курстан кейінгі қолдауды жоспарлаумен аяқталады.

## 7. БАҒДАРЛАМАНЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

№	Модуль тақырыбы	Сағат	Дәріс түрі	Оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі
1	Қазақ хандықтарының тарихы бойынша тарихнама және деректерді заманауи әдістер – ЖИ көмегімен талдау.	5	Дәріс	Презентация
2	Қазақ хандығының құрылу тарихы, Керей мен Жәнібек сұлтандардың саясаты цифрлы құралдар – ЖИ арқылы бейнеленуі.	5	Баяндама, реферат презентация, эссе, сауалнама	Презентация, оқу әдістемелік құрал
3	Қазақ хандығының XV ғасырдың басындағы тарихы. Қасым ханның ішкі және сыртқы саясатының негізін заманауи әдістер мен құралдар арқылы талдау.	5	Баяндама, реферат презентация, эссе, сауалнама	Презентация
4	Тахир ханның саясатындағы олқылықтар мен кемшіліктерді сандық әдістер арқылы сипаттау.	5	Баяндама, реферат презентация, эссе, сауалнама	Презентация
5	Хақназар ханның ішкі саясатының ерекшеліктері. Қазақ хандығының жандануы. Сыртқы саясатының көрсеткішін заманауи әдістер мен құралдар көмегімен талдау.	5	Проблемалық сабақ әңгімелесу	Презентация, Microsoft Office Power Point

6	Шығай хан мен Тәуекел ханның Қазақ хандығының шекарасын қорғаудағы ролі инновациялық әдістер арқылы көрсету.	5	Дәріс, практикалық сабақ	Microsoft Office Power Point
7	Есім ханның дәуіріндегі қос ханның арасындағы жаугершілік саясатты сандық әдістер арқылы сараптау.	5	Дәріс	Презентация
8	Жәңгір ханның жоңғарлармен соғыстарын цифрлы технологиялар – ЖИ көмегімен көрсету.	5	Баяндама, реферат презентация, эссе, сауалнама	Презентация, оқу әдістемелік құрал
9	Қазақ хандығының соңғы ханы – Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» мен жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің негізін заманауи әдістер мен құралдар көмегімен сараптау.	5	Баяндама, реферат презентация, эссе, сауалнама	Презентация
10	XVIII ғ. бірінші жарт. Қазақстандағы ішкі және сыртқы жағдайы, көрші елдермен қарым қатынасы. Қазақ халқының жоңғар басқыншыларымен күреске қатысты зерттеулерді математизациялау.	5	Баяндама, реферат презентация, эссе, сауалнама	Презентация
11	Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Жоңғар хандығы мен Ресейге қарсы күресінің астарын заманауи әдістер мен құралдар – ЖИ арқылы сараптау.	5	Проблемалық сабақ әңгімелесу	Презентация
12	XVIII ғ. II жарт. Қазақ хандықтарының саяси, әлеуметтік-саяси жағдайын гуманитарлы ғылымдардағы «цифрлы бұрылыс» арқылы түсіндіру.	5	Дәріс, практикалық сабақ	Презентация, оқу әдістемелік құрал
13	Қазақ хандықтарының мәдени және рухани дамуы. Қазақ хандықтарында Ресей әкімшілік-саяси жүйесінің енгізілуі тарихи түсінік пен түсіну концепциялары арқылы анализ жасау.	5	Баяндама, реферат презентация, эссе, сауалнама	Презентация
14	XIX ғ. 60-90 жж. Қазақстанға жаңа әкімшілік-саяси басқару жүйесінің енгізілуін жаңа көзқарас, жаңаша тәсілдер арқылы жаңғырту.	5	Баяндама, реферат	Презентация

			презентация, эссе, сауалнама	
<b>15</b>	Қазақ хандығының соңғы ханы Кенесарының Ресейге қарсы халық азаттық күресін Digital History арқылы түсіндіру.	5	Проблемалық сабақ әңгімелесу	Презентация, оқу әдістемелік құрал
	Қорытынды бағалау			

## 8. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерінің даму деңгейін анықтау үшін шағын жобалардың презентациялары өткізіледі<sup>7</sup>

Презентация «Жоба»

Мақсаты – осы Біліктілікті арттыру бағдарламасының Модульдерін меңгеру нәтижелері бойынша ғылыми жобаларды ұйымдастыруда инновациялық тәсілдерді түсіну мен қолдануды бағалау.

«Жоба» презентациясын бағалау критерийлері (5 слайдтан көп емес)

Презентацияны бағалау үшін ең көп ұпай саны – 15 балл;

0 – «дәлел жоқ», 1 – «әлсіз дәлел», 2 – «жеткілікті дәлел», 3 – «мықты дәлел»

## 9. КУРСТАН КЕЙІНГІ СҮЙЕМЕЛДЕУ

1 кезең - куратордың (оқытушының) түрлі байланыс құралдарын (e-mail, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (WhatsApp және т. б.), сервистерді (Google және т.б.), интернет – платформаларды қолдана отырып, консультациялар, онлайн іс-шаралар курсы өткізуі;

2 кезең - пилоттық ұйымның жұмыс тәжірибесін (тыңдаушылардың құзыреттілігін) электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер арқылы зерделеу. Оларды қажетті әдістемелік және цифрлық ресурстармен қамтамасыз ету;

3 кезең - курс кураторы (оқытушысы) тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға қажетті қолдауды жүзеге асырады: 14 - семинарларда, дөңгелек үстелдерде (облыстық, республикалық деңгейдегі) сөз сөйлеу; - кәсіби конкурстарға қатысу (облыстық, республикалық деңгейдегі); - сараптама тобының құрамына қатысу (жұмыс және т. б.); - республикалық және халықаралық деңгейдегі басылымдарда, БАҚ-та (мүмкін авторлық бірлестікте) ғылыми-әдістемелік мақалалар жариялау.

## 10. НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

### Негізгі әдебиет:

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. Т.3, 4, 5. А., 2002, 2010.
2. Қ. Н.А. Абдурахманов Қазақстан тарихы: оқу құралы. – Алматы: «Эпиграф» баспасы, – 2016. - 496 б.
3. Жұмақаева Б.Д. Қазақстан тарихы: оқулық: - Алматы: «Эверо», 2016 – 320 бет
4. Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы. Оқулық / Ред. бас. Қаражан Қ.С. А., 2005.
5. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. – 4 кітаптан тұратын оқулық. 3-,4-кітап / Т.Омарбеков, Б.С.Сайлан, А.Ш.Алтаев және т.б. – А., Қазақ университеті, 2016. – 264 с.
6. Едилханова С.А. Тарихи информатика. Оқу құралы, Ақтау, 2022–6 б.т.
7. Қ.Е.Ерғазы. Музей ісіндегі компьютерлік технологиялар. Оқу құралы, Алматы: Қазақ университеті, 2023– 90 б.

### Қосымша әдебиет:

1. Аяған Б.Ф., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. – А., 2010.
2. Алдабергенов Қ. Қазақтардың отарлану тарихы. – Алматы: Эверо, 2016
3. Әминов Т.М. Қазіргі Қазақстан тарихы. Оқу құралы. – А., 2017.
4. Кан Г.В., Шаяхметов Н.У. Қазақстан тарихы. – А., 2012.
5. Ш.Клаус. Төртінші индустриялық революция. Ұлттық аударма бюросы. – Астана, 2018.
6. Ұлы Дала тарихы: учебное пособие / Кан Г.В., Тугжанов Е.Л. – Астана: Zhasyl Orda, 2015.
7. Репина, Л.П. Тарихи білім тарихы [Мәтін]: ағылшын тіл. аударма 4-бас.-оқулық Алматы.: Ұлттық аударма бюросы, 2020.- 236б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық) .
8. Жакишева, С.А. Историческая информатика в Казахстане: теория, историография, методики и технологии. Монография. Алматы: Центр оперативной печати КазАТиСО, 2011. - 336 с.
9. Арынов, Ж.М. Қазақстан тарихын кезеңдерге бөлудің теориялық-методологиялық мәселелері (XIX ғасырдың соңы және XXI ғасырдың бас кезі) [Мәтін] Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2023.- 248 б.

### Интернет-ресурстар:

1. <https://e-history.kz/kz/e-resources/381/>
2. <https://e-history.kz/kz/e-resources/show/13227>